



**6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған
Молдир Кудайбергеновна Койлыбаеваның
«Пробиотигі бар коллагенді мембрананы алу технологиясы, биологиялық
зерттеу және стандарттау» тақырыбына жүргізілген диссертациялық
жұмысына ғылыми кеңесшісі, фармация ғылымдарының докторы
Камиля Камаловна Мустафинаның**

ПІКІРІ

Отандық фармацевтика өнеркәсібінің маңызды бағыты табиғиға жақын, сонымен бірге денсаулыққа қауіпсіз, сонымен қатар жалпы халыққа қолжетімді дәрілік заттарды жасау болып табылады.

М.К.Койлыбаеваның диссертациясы пробиотиктерді заманауи медицинада қолдану және жаңа перспективалы биологиялық өнімдерді жасау арқылы өзекті мәселелерді шешуге арналған. Диссертацияда пробиотиктердің және пробиотикалық микроорганизмдердің жалпы сипаттамасы, сонымен қатар олардың медицинада қолданылуы қарастырылған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми зерттеу объектісі ретінде пробиотикалық қасиетке ие штаммдар және оның негізіндегі коллагенді мембраналардың оңтайлы құрамын, тиімді технологиясын және биофармацевтикалық зерттеулерінің негіздемесін жасау болып табылды.

Докторант М.К. Койлыбаева жаңа потенциалды дәрілік заттар жасау мақсатында жоғары продуценттік қасиетке ие *Bacillus spp.* туысына жататын штаммдарды бөліп алып және олардың морфологиялық, культурологиялық, биохимиялық қасиеттерін, қауіпсіздігін, патогенді және шартты патогенді микроағзаларға қарсы белсенділігін зерттеп және олардың негізінде коллагенді мембраналардың оңтайлы құрамы мен ұтымды технологиясын құрастырып және алынған дәрілік қалыптың сапасын бағалау және сақтау уақытындағы тұрақтылығын зерттеді.

Докторант М.К. Койлыбаева Гданьск Медициналық университетінде (Гданьск қ., Польша) ғылыми тағылымнан өтті. Ғылыми тағылым кезінде әртүрлі заманауи әдістер мен әдістемелермен зерттеу жүргізуді үйренді. Пробиотикалық қасиетке ие штаммдарды бөліп алып, алынған штаммдар негізінде пробиотикалық коллагенді мембраналардың оңтайлы құрамы мен ұтымды технологиясы құрастырылды. Алынған дәрілік құралды ҚР МФ талаптарына сәйкес стандарттап, нормативті құжаттар жасалынды.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері интерпретацияланып, Scopus және Web of Science дерекқорларына индекстелетін 18th International multidisciplinary Scientific GeoConference SGEM және «Molecules» (Q2) халықаралық басылымдарында, сондай-ақ, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық ғылыми жинақтарында көрсетілген.



Оқу және жұмыс барысында PhD-докторант зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін нақты тұжырымдай алатын, алға қойылған мақсаттарға жету үшін мақсатты және табанды жұмыс істей алатын жауапты, адал, бастамашыл зерттеуші ретінде көрсетті. Алынған нәтижелердің жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, фармация саласына лайықты үлесі бар жұмыс болып табылады.

Жоғарыдағы пікірге байланысты диссертант 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санауға болады.

Ғылыми кеңесші, м.ғ.к.,
Микробиология, вирусология
кафедрасының профессоры

К.К. Мустафина

